



## Шахтинск қаласында 2012 жылға арналған халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы N 2/3 қаулысы. Қарағанды облысы Шахтинск қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 10 ақпанда N 8-8-103 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімі аппараты басшысының 2014 жылғы 6 ақпандағы № 03-06/138 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімі аппараты басшысының 06.02.2014 № 03-06/138 хатымен)**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес, Шахтинск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары Н.Б. Рыстинге жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*Е. Нагаспаев*

Шахтинск

қаласы

әкімдігінің

2012

жылғы

19

қаңтардағы

N

2 / 3

қаулысымен

бекітілген

### **Нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі**

N	Санаттың атауы
1.	Елу жастан асқан тұлғалар
2.	Ұзақ уақыт жұмыс істемеген тұлғалар (бір жыл және одан жоғары)
3.	Бастауыш, орта кәсіби білім беру мекемелерінің түлектері
4.	Алған мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі, өтілі жоқ жастар (кәсіби лицейлерді, колледждерді, жоғарғы оқу орындарын бітіргеннен кейін)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК